

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
төлем карточкалары бойынша
арнайы ұсынысқа қатысу шарттары
(бұдан әрі – «Шарттар»)**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карточкалары бойынша Яндекспен арнайы ұсыныс механикасы:

Арнайы ұсыныс Алматы қаласы, Розыбакиев к-сі, 247а мекенжайы бойынша өткізілетін арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде «Yandex GO» қосымшасында «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карточкаларымен «Mega Alma-Ata» СОО-да такси сапарын ашқан және/немесе төлеген Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін ғана қолданылады.

Жоғарыда сипатталған шарттарды орындаған клиенттер үшін сапарға 1000 теңге көлемінде жеңілдік беріледі. Жеңілдік «Yandex GO» қосымшасында ағымдағы тапсырысқа есептелетін болады, акцияны өткізу кезеңінде ең жоғары жеңілдік мөлшері бір пайдаланушыға 3000 теңгеден аспайды.

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карточкалары бойынша промо-наукан өткізуді ұйымдастырушы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Арнайы ұсыныс») – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Арнайы ұсыныс») – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Ұйымдастырушы» немесе «Банк»), осы Арнайы ұсынысқа қатысатын төлем карточкаларын ресімдейтін және оларға қызмет көрсететін Банк. Орналасқан жері/пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 (A05E8Y2), Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 61А үй.

1.2. Арнайы ұсыныс осы Шарттарда айқындалған тәртіпте қолданылады.

1.3. Арнайы ұсыныстың қолданылу аумағы - Алматы қаласы.

1.4. Арнайы ұсыныстың жалпы қолданылу кезеңі: Астана уақыты бойынша 2025 жылғы 10-қарашада 00 сағат 00 минуттан бастап 2025 жылғы 10-желтоқсанда қоса алғанда 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі мәтін бойынша – «Арнайы ұсыныс кезеңі», «Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңі»).

1.5. Арнайы ұсынысқа қатысуға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, осы құжаттың 3.5 тармағында көрсетілген «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карталарының иелері, осы Шарттардың барлық талаптарын дұрыс орындаған жеке тұлғалар (бұдан әрі – «Арнайы ұсынысқа қатысушы», «Қатысушы») қатыса алады.

1.6. Арнайы ұсынысқа қатыса алмайды және қатыспайды:

- Банк қызметкерлері;
- «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC басшылығы;
- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері.

1.7. Арнайы ұсыныс «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды. Арнайы ұсыныс Банктің қолданыстағы және жаңа клиенттері арасында төлем карточкаларын ілгерілетуге және Банк шығарған төлем карточкалары бойынша транзакциялық белсенділікті арттыруға бағытталған.

2. АРНАЙЫ ҰСЫНЫС ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӨЛЕМДЕР ҚОРЫ

2.1. 1 (бір) Қатысушыға берілетін жеңілдіктің жалпы сомасы Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңінде 3 000 (үш мың) теңгеден аспайды.

3. ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

3.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін Қатысу кезеңінде (2025 жылғы 10-қарашадан бастап 2025 жылғы 10-желтоқсанды қоса алғанда) Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 247а мекенжайында орналасқан «Mega Alma-Ata» СОО-да «Yandex GO» қосымшасында таксимен бару керек және барған жерге «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның Mastercard төлем карточкасымен ақы төлеу қажет».

3.2. Транзакция – «Yandex GO» мобильдік қосымшасында «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карточкасымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жасалған сапарға ақы төлеу.

3.3. Сатып алудың ең аз талап етілетін көлемі: шектелмейді және «Yandex GO» қосымшасындағы такси сервисіндегі жол жүру тарифтерінің бағасымен анықталады.

3.4. Операция жасалған күн Төлем карточкасын ұстаушының шотынан ақша қаражаты есептен шығарылған күн болып есептеледі.

Төлем карточкасынан операция жасаған кезде қазақстандық теңгеден өзгеше шоттың валютасы, операцияның теңгедегі сомасы жөнелтушінің төлем карточкасының шотынан ақша қаражатын есептен шығару сәтіндегі Банктің ішкі бағамы бойынша айқындалады.

3.5. Арнайы ұсынысқа Prepaid төлем карточкаларын қоспағанда, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-дан шығарылған MasterCard төлем карточкалары қатысады.

4. ЖЕҢІЛДІКТІ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Жеңілдік «Yandex GO» қосымшасында автоматты түрде есептеледі.

4.2. Клиенттің жеңілдікті пайдалануы тек «Yandex GO» қосымшасында қол жетімді және тек такси сапарларына ішінара ақы төленеді.

5. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1. Арнайы ұсыныстың қолданылуы тоқтатылған кезде қатысушылар Банктің сайтында тиісті хабарламаны жариялау арқылы осындай тоқтату туралы хабардар етіледі.

5.2. Ұйымдастырушы, сондай-ақ Яндекс Арнайы ұсыныстың қолданылуын тоқтату туралы жария хабарлама жасалған күнге дейін Арнайы ұсыныстың шарттарын орындаған қатысушыларға жеңілдік беруге міндетті.

5.3 Қатысушы Ұйымдастырушыдан осы Шарттарға сәйкес Арнайы ұсыныс туралы ақпарат алуды талап етуге құқылы.

5.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ Ұйымдастырушының арнаулы ұсыныс шеңберінде өз міндеттемелерін орындауы мақсатында Ұйымдастырушының қатысушы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

5.5. Ұйымдастырушы өзгерістер қолданысқа енгізілген күнге дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей осындай өзгерістер туралы ақпаратты (Шарттардың жаңа редакциясымен бірге) орналастыру кезінде Шарттарға өзгерістер енгізуге құқылы.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Арнайы ұсынысқа қатысу фактісі барлық Қатысушылардың осы Шарттармен танысқанын және толық келісетінін білдіреді.

6.2. Жеңілдіктерді есептеу шарттарына, тәртібі мен мерзімдеріне қатысты барлық мәселелер бойынша Қатысушылар Ұйымдастырушының/Банктің – salem@bankffin.kz электрондық поштасына жүгіне алады немесе Банктің қолдау қызметіне 595 қысқа нөміріне қоңырау шала алады, сондай-ақ өз сұрауларын +7 776 159 55 95 жібере алады.

6.3. Осы Шарттарда айтылмаған барлық басқа жағдайларда, бейілділік бағдарламасы ережелерінің талаптары қолданылады https://loyalty.bankffin.kz/ru?_gl=1*vpruih*_gcl_au*MTkxODMyMjY2OC4xNzYwMzM2Mjc3 .